



030907, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Сарбие ауылы, Әйтеке би көше үй 18, тел:8-(713-59) 35-2-15 030907, Актюбинская область, Уилский район, с.Сарбие. ул. Айтеке би, дом 18, тел: 8-(713-59) 35-2-15 e-mail:sapakkol@uil-raioo.edu.kz

№49

2023 жылғы «27» сәуір
Сарбие с.

«27» апрель 2023 года
с.Сарбие

2022-2023 оқу жылын аяқтау және орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу туралы.

Ойыл аудандық білім бөлімінің «25» сәуір 2022 жыл №368 бұйрығын басшылыққа ала отырып «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14) тармақшасына сәйкес, сондай-ақ меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарына 2022-2023 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау мақсатында, Қазақстан Республикасы Оқу-Ағарту министрлігінің 2023-жылғы 10 сәуірдегі №88 бұйрықтарының талаптарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Оқу жылын аяқтаудың төмендегі мерзімдері бекітілсін:

- 1) Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында оқу сабақтарының аяқталуы-2023 жылғы 31-мамыр;
- 2) 9 сынып білім алушыларының қорытынды бітіру емтихандары -2023 жылғы 2-маусым - 13-маусым аралығы;
- 3) 11 сынып білім алушыларының мемлекеттік бітіру емтихандары -2023 жылғы 5-маусым – 19-маусым аралығы.

2. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

9-сынып білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып:

- 1) Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан (мақала,әңгіме, эссе)-2023 жылғы 2-маусым;
- 2) Математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау) -2023 жылғы 6-маусым;
- 3) Орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс ,мәтін бойынша тапсырмаларды орыдау)-2023 жылғы 9-маусым;
- 4) Таңдау пәні (Қазақстан тарихы) бойынша жазбаша емтихан -2023 жылғы 13-маусым;

11-сынып білім алушылар үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып:

- 1) Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша жазбаша емтихан-2023 жылғы 5-маусым;
- 2) Алгебра және анализ бастамаларынан жазбаша емтихан -2023 жылғы 8-маусым;
- 3) Қазақстан тарихынан ауызша емтихан -2023 жылғы 12-маусым;

- 4) Орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан -2023 жылғы 15-маусым;
 - 5) Таңдау пәні (Биология) бойынша жазбаша емтихан - 2023 жылғы 19-маусым.
- 3.** 2022-2023 оқу жылын аяқтау, қорытынды, мемлекеттік бітіру емтихандарын өткізу мақсатында ұйымдастыру іс-шаралары Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2023 жылғы 10 сәуірдегі №88 және 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрықтарының талаптарына сәйкес қамтамасыз етілсін.
- 1) Білім беру ұйымдарында ағымдағы жылғы 31 мамыр күні оқу жылын аяқтау, 20-22 маусым күндері жалпы орта білім туралы аттестаттарды тапсыру шараларын міндетті түрде мектеп қабырғасында өткізу, әрі білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстары қатаң бақылауға алынсын.
 - 2) Мектепте ата-аналардан қаражат жинамау мәселесі қатаң бақылауға алынсын.
 - 3) Ұлттық білім беру деректер қоры мәліметтері мен «Күнделік» жүйесінің уақытылы, сапалы толтырылуы, жылдық, қорытынды бағалардың уақытылы қойылуы қадағалансын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын оқу ісі меңгерушісі И.Оразғалиеваға жүктелсін.

Мектеп директоры



Е.А.Тургангазин